

Қазақстанның GDDS - Деректер таратудың бас стандарттары жүйесіне қатысуына әзірлік туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 11 қыркүйектегі N 871

Қазақстанның GDDS - Деректер таратудың бас стандарттары жүйесіне қатысуы туралы Халықаралық Валюта Қорының ұсынысына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік және ведомстволық статистиканы дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Халықаралық Валюта Қорының қызметкерлерімен жұмыс істеу және Қазақстанның GDDS жүйесіне қатысуына әзірлікке байланысты барлық жұмыстарды жалпы үйлестіру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі ел үйлестірушісі болып айқындалсын.

2. Статистиканы жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды немесе шараларды әзірлеу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік статистика мен ведомстволық статистика жүйесінде экономикалық және қаржылық деректер өндірісі және оларды тарату үшін GDDS-деректерді таратудың бас стандарттары басшылыққа алынсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде GDDS-ге мүшелікке кірудің рәсімімен көзделген құжаттарды дайындасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі